

СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

Fil 1102 - «Философия» пәні

AG 1 әлеуметтік-гуманитарлық модуль

5B090400 «Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету» мамандығы

Инженерлі экономика және менеджмент факультеті

Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер кафедрасы

3	3	5	15	30	45	90	45	135	Емтихан
---	---	---	----	----	----	----	----	-----	---------

«Философия» пәні міндетті компонент ретінде жалпы білім беру пәндер циклына кіреді.

«Философия» пәнін оқытудың мақсаты:

- студенттердің бойында дүниенің танудың ерекше формасы болып табылатын философия, оның негізгі бөлімдері, мәселелері және оларды зерттеудің өзінің болашақ кәсіби қызметімен байланысты әдістері туралы басты түсініктерді қалыптастыру;
- студенттерді ұлы ойшылдардың философиялық мәтіндерімен таныстыру және оларды сыни түсіну дағдыларын қалыптастыру;
- өз ойларын логикалық түрде баяндай білуді, философиялық пікірталасты сауатты жүргізуді және қазіргі заманның өзекті мәселелері бойынша өзіндік көзқарасын дәлелді түрде қорғай білуді дамыту;
- қазақстандық патриотизмді қалыптастыру
- болашақ маманның қазіргі күрделі де өзгермелі заманда көзқарастық және рухани бағдарға ие болуына ықпал ету.

«Философия» пәнін оқытудың міндеттері:

- философияның тарихи даму кезеңдерін зерттеу;
- қазақ халқының қайталанбас философиялық дүниетанымымен таныстыру;
- философияның негізгі бөлімдері мен даму ағымдарын, оның рационалдылығының формаларының трансформацияларын қарастыру,
- ғылыми танымның қазіргі заманғы әдістері туралы білімді игеру;
- болашақ мамандардың бойында философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін қалыптастыру.

Оны оқу барысында студент философияның негізгі даму кезеңдері, қазақ халқының философиялық ойының ерекшеліктері туралы білім алады, философияның негізгі мәселелерімен, ұғымдарымен және категорияларымен танысады.

Философияның қазіргі заманғы маман дайындау жүйесіндегі рөлі оның зерттеу объектісі – адам және оның табиғат пен қоғаммен арақатынасы – арқылы анықталады. Философия адамның көзқарастық, адамгершіліктік және өмірмәндік құндылықтарын қалыптастырады.

Негізгі құзіреттіліктер:

«Философия» пәнін оқу студентке мына мүмкіндіктерді береді:

Білу:

- философияның пәнін, қызметтерін, негізгі бөлімдерін және бағыттарын
- философияның адам мен қоғам өміріндегі орны мен рөлін
- әлемдік және қазақ философиялық ойының негізгі даму кезеңдерін
- философияның іргелі мәселелерін, олардың қойылу ерекшеліктерін және философияның қалыптасу үрдісінде шешілуін
- адамды, табиғатты және қоғамды зерттеуде қолданылатын өзекті мәселелерін

Жасай білу:

- арнайы философиялық терминологияны және философияның категориялық-ұғымдық аппаратын қолдануды
- философиялық түпнұсқа мәтіндерімен шығармашылық және сыни түрде жұмыс жасауды
- зерттеліп отырған философиялық сұрақтар бойынша өз ойларын логикалық түрде баяндауды
- философиялық білімнің генезисі мен дамуының ерекшеліктерін сараптауды

- философияның әртүрлі мәселелері бойынша өзіндік көзқарасын қалыптастыруды және оны дәлелді түрде жақтауды
- қазіргі заманғы жаһанданудың өзекті мәселелерін түсінуді
- философияның ережелері мен категорияларын әртүрлі әлеуметтік ағымдарды, фактілер мен құбылыстарды бағалауда және сараптауда қолдануды

Дағдыларды меңгеру:

- философияның өзекті мәселелері бойынша философиялық сұхбат және пікірталас жүргізу тәсілдерін
- көпшіліктің алдында сөйлеу және өзіндік көзқарасын жазбаша түрде дәлелді баяндау және қорғау
- философиялық білімдерді әртүрлі жеке жағдайларда және қоғамдық құбылыстарды сараптауда қолдана білу

Пререквизиттер:

Берілген пәнді оқу үшін келесі пәнді бөлімдерді (тақырыптарды) көрсетумен меңгеру қажет:

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
1. Қазақстан тарихы	Егеменді Қазақстанның қалыптасуы және дамуы.
2. Әлеуметтану	Қоғамның әлеуметтік жүйесі.
3. Дінтану	Әлемдік діндер: Буддизм, Христиан, Ислам.

Постреквизиттер: Саясаттану.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімнің (тақырыптың) атауы	Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, сағ			
		Дәрістер	Практикалық сабақтар	СОӘЖ	СӨЖ
1	2	3	4	5	6
1	Т.1 Философияның пәні, мақсаты және қызметтері.	1	2	3	3
2	Т.2 . Ежелгі дүние философиясы. Қазақтардың алдыңғы философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы. Антика философиясы	1	2	3	3
3	Т.3. Ортағасырлық Шығыс және Батыс философиясы.	1	2	3	3
4	Т.4. Қайта Өркендеу дәуірі философиясы.	1	2	3	3

5	Т.5. Жаңа дәуір философиясы.	1	2	3	3
6	Т.6. XVIII ғасырдағы Европаның Ағартушылық философиясы.	1	2	3	3
7	Т.7. Классикалық неміс философиясы.	1	2	3	3
8	Т.8. XVIIIғасырдың соңы – XXI ғасырдың басындағы философия.	1	2	3	3
9	Т.9. Қазақ философиясы.	1	2	3	3
10	Т.10. Болмыс – онтологияның орталық категориясы.	1	2	3	3
11	Т.11. Даму принципі: диалектика және синергетика.	1	2	3	3
12	Т.12. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми таным ерекшеліктері.	1	2	3	3
13	Т.13. Философиялық антропология.	1	2	3	3
14	Т.14. Әлеуметтік философия.	1	2	3	3
15	Т.15. Қазіргі заманның жаһандақ мәселелерін философиялық пайымдау.	1	2	3	3
Барлығы		15	30	45	45

Семинар сабақтары тақырыптарының үлгісі

1. Философиялық білім ұғымы. Философия мен жеке ғылымдардың арақатынасы.
2. Қазақ халқының философиялық дүниетанымының негізгі категориялары.
3. Ежелгі Шығыстың философиялық ойы.
4. Антикалық философияның даму кезендері, негізгі философиялық мектептер.
5. Ортағасырлық мұсылман және христиан философиясы .
6. Қайта Өркендеу дәуірі философиясының антропоцентризмі .
7. Жаңа дәуір философиясы. Пантеизм және «екі ақиқат» ілімі.
8. Класикалық неміс философиясы :Канттың этикасы. Гегельдің логикасы. Фейрбахтың антропологиялық материализмі.
9. XVIII ғасырдың соңы -XXIғасырдың басындағы Батыс Европа философиясы.
10. Қазақ философиясы :тарих және қазіргі заман.
11. Философиядағы «болмыс»және «сана»ұғымдары .
12. Таным туралы ілім. Ғылыми танымның ерекшелігі.
13. Философиядағы адам мәселесі .

14. Қоғам философиясы.

15. Қазіргі заманның өзекті мәселелерін философиялық талдау.

Оқытушымен студенттің өздік жұмысының тақырыптық жоспары

ОСӨЖ тақырыбының атауы	Сабақтың мақсаты	Сабақтың түрі	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылатын әдебиет
1.Философия, оның пәні және қызметтері.	Тақырып бойынша пысықтау	Ауызша сұрау	1.Философия дүниегекөзқарастың типі. Философиялық мәселелердің табиғаты. 2.философияның рөлі.	[6, 8, 15]
2. Ежелгі дүние философиясы. Қазақтардың алдыңғы философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы. Антика философиясы.	Білімді толықтыру	Сұрақтар бойынша консультация	1.Ерте Үнді философиясына анализ жасау. 2. Конфуцишілік және легистер. 3.Антика философиясы.	[8, 10, 15, 16]
3. Ортағасырлық Шығыс және Батыс философиясы.	Тақырып бойынша пысықтау	Конспект жазу	1.Номинализм және реализм. 2.Араб аристотелизмі.	[5, 7, 12, 15]
4. Қайта Өркендеу дәуірі философиясы.	Білімді толықтыру	Ауызша сұрау	1. Қайта өрлеу дәірі философиясы. 2.Еуропалық ғылымдардың илософияға әсері. әлемнің гелиоцентрлік жүйесі. 3.танымның жаңа әдістері.	[5, 6, 8, 9, 11]
5. Жаңа уақыт мәдениетіндегі батысеуропалық философия.	Білімді толықтыру	Конспект жазу	1.Неміс классикалық философтары. 2. Орыс діни философиясы.	[3, 6, 8, 10, 11]
6.XVIII ғасырдағы Европаның Ағартушылық философиясы.	Білімді толықтыру	Ауызша сұрау	1. Қазақ ұлттық дүниетанымы. 2.19 ғ. Қазақ ағартушылары. 3. 20ғ. қазақ саяси	[25]

			ойшылдары.	
7. Классикалық неміс философиясы.	Тақырыпты талқылау	Тест алу	1.Маркстік идея. 2.Маркстік және лениндік идеяның дамуы.	[7, 8, 12, 15]
8.XVIIIғасырдың соңы – XXI ғасырдың басындағы философия.	Тақырыпты талқылау	Пікір алысу	1.20-21 ғғ. Батыс еуропалық философиядағы негізгі бағыттар.	[15,7,13, 15]
9. Қазақ философиясы.	Тақырыпты талқылау	Конспект	1.Болмыстың негізгі формалары. 2. Материя түсінігі. 3. Материяның негізгі атрибуттары.	[18,19,21, 24]
10. Болмыс – онтологияның орталық категориясы.	Білімді толықтыру	Ауызша сұрау	1. Адам феномені. 2. Адам табиғаты туралы түсініктер.	[8, 9, 10, 11, 12]
11. Даму принципі: диалектика және синергетика.	Білімді толықтыру	Пікір алысу	1.Қоғам дамуы табиғи заңдылық. 2.Қоғамдық прогрестің мәні.	[1, 2, 3, 8,12]
12. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми таным ерекшеліктері.	Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау	1.Мәдениет, махаббат, дін, тарих және білімнің мәні.	[26]
13.Философиялық антропология.	Тақырыпты талқылау	Пікір алысу	1.Диалектиканың қағидалары. 2.Диалектиканың заңдары.	[4, 6,8,12, 15]
14. Әлеуметтік философия.	Білімді толықтыру	Тест алу	1. Ғылыми танымның құрылымдары 2. Ғылыми танымның әдістері. 3. Ақиқат мәселесі.	[7,13,14]
15. Қазіргі заманның жаһандақ мәселелерін философиялық пайымдау.	Білімді толықтыру	Ауызша сұрау	1.Жаһандық мәселелердің мәні. 2.Жаһанданудағы қайшылықтар	[1-26]

			мен оны шешу жолдары. 3.Қазақстандық қоғам модернизациясының негізгі принциптері	[16-17]
--	--	--	---	---------

СӨЖ арналған бақылау жұмыстарының тақырыптары

1. Философия мәдениеттің феномені ретінде. Оның қоғам өміріндегі рөлі қандай?
2. Философияның рационалдық және иррационалдық түрлерін анықтама беріңіз.
3. Философияның ғылыми мәртебесі жайлы пікір-таластар турасындағы ғылыми көзқарастарды қарастырыңыз.
4. Философиялық мәселелердің табиғаты. Философиялық сұрақтардың шеңбері. Философияның тілі және стилі.
5. Миф және логос: философияның бастама мәселесі. Протофилософия (Көне философия) түрлеріне анықтама беріңіз.
6. Мұсылман философиясындағы ғылымның ролі, даму тарихы. Мысалға: Астрономия, медицина, математика және т.б.
7. Қазіргі замандағы қазақстан философиясы.
8. Қазіргі замандағы әлемдік философияның бағыттары.
9. Философиялық экзистенциализм: оның өкілдері, идеялары.
10. Әлеуметтік өзгерістер кезеңіндегі философия. Қазақстандағы ұлттық идеялардың қалыптасу ерекшеліктері.
11. Философиялық герменевтика.
12. Антикалық философия: дәстүрлі және жаңашылдық (современность).
13. Феноменологиялық философия: оларды игерудегі мәселелер шеңбері және алғышарттары.
14. Материя туралы философиялық тұжырымдамалары.

Студенттердің білімін бағалау белгілері

Пән бойынша емтихан бағасы аралық бақылау (60% дейін) және қорытынды аттестаттау (емтихан) (40% дейін) бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіштерінің сомасы ретінде анықталады 100% дейін мәнді құрайды.

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындалу ұзақтылығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі	Балы
Семинарда жұмыс жасау	Жоспарға сәйкес тақырыптарды пысықтау	Конспектілер, дәрістер, жоспарға сәйкес тапсырманың әдебиеттері	Семестр бойында	Ағымдағы	Апта сайын	20
ОСӨЖ	Оқытушы	Конспектілер,	45	Ағымдағы	Апта сайын	15

	жоспарына сәйкес курстың бөлімдерін пысықтау	дәрістер, жоспарға сәйкес тапсырманың әдебиеттері	контактiлік сағат			
Тест бақылау	Теориялық бiлiмдi пысықтау	Конспектiлер, дәрістер	1 контактiлік сағат	Аралық	7, 14 апталарда	25
Емтихан	Пән материалының меңгерiлу деңгейiн тексеру	Негiзгi және қосымша әдебиеттiң жалпы тiзiмi	2 бiрiккен сағаттар	Қорытынды	Сессия кезеңiнде	40
Барлығы						100

Саясат және рәсімдер

«Философия» пәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды өтінеміз:

1. Сабаққа кешікпей келуді.
2. Дәлелді себепсіз сабақ босатпауды, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсініктеме хат ұсынуды.
3. Студенттің міндетіне барлық сабақтарға қатысу кіреді.
4. Оқу процесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру.
5. Жіберілген практикалық және зертханалық сабақтар оқытушы белгілеген уақытта қайта тапсыру.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Затов А.Ф. Современная Западная философия.-М.: Высшая школа, 2012.
2. Мырзалы С.К. Философия. - Алматы: Бастау, 2008.
3. Нұрышаев Г.Ж. Философия. - Алматы: Инжу-маржан, 2013.
4. Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. Философия. - Алматы, Эвро,2014.
5. Сегизбаев О.А. История казахской философии: От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия: учебник для вузов.- Алматы: Ғылым, 2001.

Қосымша:

1. Алексеев П.В., Панин А.В Философия.-М., Проспект, 2010.
2. Барлыбаев Г.Г Эволюция этических идей в казахской философии.-Алматы:К-ИЦ ИФП КН МОН РК, 2011.
3. Бегалинова К.К., Альжанова У.К Философия. Часть 1,2-Алматы: Жібек жолы, 2014
4. Есім Ф. Сана болмысы .-Алматы: Қазақ университеті, 2007.
5. Лавриненко В.Н. Философия – М.: ИД Юрайт, 2011
6. Кирабаев Н.С. Учебное пособие по курсу «Средневековая Арабо-мусульманская философия». – СПб.: СПбГУ, 2005
7. Немировская Л.З. Философия: История и теория:- М., Изд. Россияского Нового Университета, 2007
8. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік – философиялық талдау. – Алматы, БҒМ ФСИ баспасы, 2000
9. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов.-Алматы: Өлке, 1994

10. Степанянц М.Т. Восточная философия: вводный курс. Избранные тексты. -Москва: Восточная литература, 2001

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

AG 1 әлеуметтік-гуманитарлық модуль

Fil 2102 - «Философия» модулі

31.03.2004 берілген № 50 мемлекеттік баспа лицензиясы
Басуға қол қойылды _____ 20__ ж. Пішімі 90x60/16 Таралымы ____ дана.
Есептік баспа табағы _____ ш.б.п. Тапсырыс _____ бағасы келісімді

**Қарағанды Мемлекеттік Техникалық Университетінің баспасы,
100027, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары 56**